



достижениях путем создания контроля эффективности компании. Кроме того, повышение его рыночной цены гарантирует преимущества перед конкурентами. Главное - создать конкурентоспособное производство.

Ключевые слова: логистика, управление логистикой, закупки, материал, информация, деньги, финансы, грузопотоки, сферы деятельности компании, эффективное управление, думать, рассуждать, искусство расчетов, система планирования «Канбан», маркетинг, снижение затрат, новые направления.

МРНТИ 06.35.31

УДК 336

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-4.02>

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ 1-ШІ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС ЕСЕП БЕРУ

Қ.Алайдарқызы*¹, А.М.Атчабарова²

¹ Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

² Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы қ, Қазақстан

e-mail: Kalamkas_alaidar@mail.ru

Аңдатпа. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жалпы экономиканың барлық салаларында, соның ішінде бухгалтерлік есеп жүйесінде де түбегейлі өзгерістер болып, әлемдік нарықтың жаңа талаптарына негізделген жан-жақты зерттеулер жүргізілген болатын. Қазіргі таңда бухгалтерлік есеп басқару жүйесінде маңызды орынды алып отыр. Ол өндірісті жабдықтау, өндірілген өнімді сату, тұтыну сияқты процестермен қатар, шаруа қожалықтарының қаржылық жағдайын сипаттай отырып, басқарушылық шешімдерді қабылдаудың негіз болып саналады. Бірақ, жедел басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін бухгалтерлік есеп жүйесінің қазіргі тәжірибесін бүгінгі күннің жаңаша талаптарына сәйкес жетілдірмейінше, есептің мүмкіндіктерін толық пайдалану тез арада жүзеге аспайды.

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы ұйымдарының бухгалтерлік есебі №41 «Ауыл шаруашылығы» Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты мен №1 қаржылық есептіліктің Ұлттық стандартында қарастырылған жалпы ұстамдарға сәйкес жүргізіледі.

Біз бұл мақаланы арнаулы және жоғарғы оқу орындарында «Есеп және аудит», «Экономика» мамандықтары бойынша дайындалатын студенттер мен ондағы қызмет жасайтын оқытушылар қауымына ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері мен есепті жүргізудің әдіс-тәсілдерінің негізгі ережелерін ұсынып отырмыз және де ҚР Салық кодексі бойынша арнайы салықтық режимдер шағын бизнес субъектілері, шаруа (фермерлік) қожалықтар, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды тұлғалар, кәсіпкерлік қызметтің арнайы түрлері үшін қарастырылған.

Түйін сөздер: бухгалтерлік есеп, халықаралық қаржылық есеп стандарттары, қаржылық есеп, бухгалтерлік баланс, ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп.



Негізгі ережелер. Қазақстан Республикасының салық Заңнамасына сәйкес қысқартылған декларация негізінде арнаулы салық режимдерін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері өздерінің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін №218 ҚР қаржы Министрлігі бекіткен бұйрыққа сәйкес қабылданған «Қаржылық есептіліктің 1-ші Ұлттық стандарты» бойынша жүргізеді.

Кіріспе. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызылған, салық заңнамасына сәйкес, сондай-ақ жеңілдетілген декларацияның негізінде шаруа (фермерлік) қожалықтарға арналған арнайы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер өздерінің шаруашылық операциялары мен оқиғаларын жеке кәсіпкерлерге арналған кірістерді есепке алу кітабында көрсетеді. Салық органында міндетті тіркелуге жататын және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын жеке кәсіпкерлер 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз қызметі бойынша бухгалтерлік есепті қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын жеке кәсіпкерлерге арналған кірістерді есепке алу кітабында жүргізеді.

Қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлер 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз қызметі бойынша бухгалтерлік есепті қосылған құн салығын төлеушілер болып табылатын жеке кәсіпкерлерге арналған кірістерді есепке алу кітабында жүргізеді [1].

Зерттеу әдістері. Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес қосарланған жазба тәсілін, бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын және өзге де талаптарды қолданбай хронологиялық тәртіппен толтырылады.

Кітапты бастаған кезде жеке кәсіпкер ақпараттың түсініктігі, сенімділігі, салыстырмалығы, толықтығы сияқты ақпараттың сапалы сипаттамаларын қолданады. Қысқартылған, кодталған жазбаларды және символдарды пайдаланған жағдайда олардың мағынасы әрбір нақты жағдайда түсіндірілуі тиіс.

Шаруашылық операциялары мен оқиғалары бастапқы есепке алу құжаттары Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамада талаптары белгіленген бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері арқылы ресімделеді.

Кітап бір қаржы жылына ашылады және нөмірленуі, түптелуі тиіс. Нөмірленген және түптелген кітаптың соңғы бетінде онда қамтылған беттердің саны көрсетіледі, ол арналған дейін жеке кәсіпкердің қолымен және жеке кәсіпкердің мөрімен (бар болған кезде) расталады. Электрондық түрде арналған және кезең аяқталғаннан кейін қағаз тасығыштарға шығарылған нөмірленген және түптелген кітаптың соңғы бетінде онда қамтылған беттердің саны көрсетіледі, ол арналған дейін жеке кәсіпкердің қолымен және жеке кәсіпкердің мөрімен (бар болған кезде) расталады.

Нәтижелер және талқылау. Кітапта қателерді түзету негізді болуы және түзету күнін көрсете отырып жеке кәсіпкердің қолымен және жеке кәсіпкердің мөрімен (бар болған кезде) расталуы тиіс.

Кітаппен қатар жеке кәсіпкер мынадай бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерін жүргізеді:

- 3-қосымшаға сәйкес ақша қаражатын есепке алу жөніндегі В-1 ведомосі;
- 4-қосымшаға сәйкес қорларды есепке алу жөніндегі В – 2 ведомосі;
- 7-қосымшаға сәйкес сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысудың есебі жөніндегі В – 5 ведомосі;
- 8-қосымшаға сәйкес өнім берушілермен есеп айырысудың есебі жөніндегі В – 6 ведомосі;



- 9-қосымшаға сәйкес еңбекақы төлеуді есепке алу жөніндегі В-7 ведомосі;
- 11-қосымшаға сәйкес биологиялық активтерді есепке алу жөніндегі В – 9 ведомосі;
- 12-қосымшаға сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қозғалысын есепке алу жөніндегі В – 10 ведомосі;
- 13-қосымшаға сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтер жөніндегі амортизациялық аударымдарды есепке алу жөніндегі В – 11 ведомосі;
- 16-қосымшаға сәйкес В – 13 жиынтық ведомосі.

Жеңілдетілген декларацияның негізінде салық заңнамасына сәйкес арнайы салық режимдерін қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардың және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар шаруашылық операциялар мен оқиғаларды бухгалтерлік есепке алу шоттарының үлгілік жоспарына сәйкес қосарланған жазба тәсілімен көрсетеді және 1-ші ҚЕҰС-на сәйкес қаржылық есептілікті жасайды.

Субъектінің қаржылық есептілігі мыналарды қамтиды:

- бухгалтерлік баланс (19 қосымшаға сәйкес);
- кірістер мен шығыстар туралы есеп (20 қосымшаға сәйкес);
- түсіндірме жазба және ескерту.

Субъектінің бухгалтерлік есепті жүргізуі және қаржылық есептілікті жасауы есепке алу және үздіксіздік қағидаттарына, сондай-ақ түсініктілік, орындылық, мәнділік, сенімділік, дұрыстық, бейтараптық, сақтық, толықтық сияқты сапалық сипаттамаларға негізделеді және операциялардың заңнама нысанын ғана емес, операциялардың экономикалық мәнділігін көрсетеді, олар қаржылық есептіліктерде көрсетілген ақпаратты пайдаланушылар басқарушылық және экономикалық шешімдер қабылдаған кезде олар үшін пайдалы етіп көрсетеді[2]..

Қаржылық есептілік пайдаланушыларға жылына кем дегенде бір рет беріледі.

Қаржылық есептілікті дайындауға және ұсынуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес субъектінің басшысы немесе өзге уәкілетті тұлғасы жауапты болады.

Бухгалтерлік баланста 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша активтер, міндеттемелер мен жеке меншік капитал көрсетіледі.

Бухгалтерлік балансқа субъекті басшылығының қарауы бойынша субъекті қызметінің сипатына қарай қосымша баптар, бөлімдер мен аралық сомалар енгізілуі мүмкін.

Кірістер мен шығыстар туралы есеп 20-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша беріледі.

Қорытынды пайда (қорытынды шығын) 18-қосымша бойынша салық салғанға дейінгі кіріс пен шығыстар және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында анықталатын ставка бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Қаржылық есептілікке түсіндірме жазба және ескерту реттелген тәртіппен берілуі тиіс. Баланстың, пайда мен шығындар туралы есептің әрбір бабы бойынша оған қатысты кез келген ақпаратқа қиылысты сілтемелер, сондай-ақ қаржылық есептіліктің өзінде көрсетілмеген, бірақ толық және дұрыс ұсыну үшін қажетті қосымша ақпарат беріледі.

Субъектінің шаруашылық операциялары мен оқиғалары алғашқы есепке алу құжаттары арқылы ресімделеді.



Алғашқы есепке алу құжаттарында қамтылған ақпаратты қорытындылау, сыныптау және жинақтау және оларды бухгалтерлік есепке алу шоттарында және қаржылық есептілікте көрсету үшін мыналар жүргізіледі:

- бухгалтерлік есепке алу тіркелімдері, оларға қойылатын талаптар тиісті нормативтік құқықтық актілермен бекітіледі;
- шаруашылық операцияларын есепке алу кітабы.

Талдамалы және синтетикалық есепке алу тіркелімі болып табылатын 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кітапты өнімдер өндіруді, қызметтер көрсетуді жүзеге асырмайтын ұйымдар қолданады.

Кітаптың негізінде белгілі бір күнге субъектідегі мүліктің және ақша қаражатының, сондай-ақ олардың көздерінің болуы анықталады және қаржылық есептілік жасалады. Ол субъектілер қолданатын барлық бухгалтерлік шоттарды қамтиды және олардың әрқайсысында шаруашылық операциялардың есебін жүргізуге мүмкіндік береді. Кітапты арнаған кезде ұйым ақпараттың түсініктігі, сенімділігі, салыстырмалығы, толықтығы сияқты ақпараттың сапалы сипаттамаларын қолдануы тиіс. Қысқартылған, кодталған жазбаларды және символдарды пайдаланған жағдайда олардың мағынасы әрбір нақты жағдайда түсіндірілуі тиіс.

Әрбір субъект бір ғана кітап арнайды, ол нөмірленеді, түптеледі және сүрме немес мастикалық мөрмен таңбаланады. Кітапта парақтардың саны соңғы бетінде субъектінің, бас бухгалтердің немесе осы субъектінің бухгалтерлік есебін жүргізуді қамтамасыз ететін тұлғаның қолымен расталады.

Кірістерді есепке алу кітабы және бухгалтерлік есептің басқа тіркелімдері басшының қарауына қарай электрондық түрде жүргізілуі мүмкін. Электрондық түрде арналған және кезең аяқталғаннан кейін қағаз тасығыштарға шығарылған нөмірленген және түптелген Кітаптың соңғы бетінде онда қамтылған беттердің саны көрсетіледі, ол субъектінің мөрімен және бас бухгалтердің немесе осы субъектінің бухгалтерлік есебін жүргізуді қамтамасыз ететін қолдарымен расталады.

Субъектінің бухгалтерлік құжаттамасын жасау және ресімдеу 1-ші ҚЕҰС талаптарына, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген ережелер мен талаптарға, сондай-ақ бухгалтерлік есепке алу ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкерлермен еңбекақы жөнінде есеп айырысуды есепке алу үшін шаруашылық операцияларын есепке алу кітабымен қатар субъект 9-қосымшаға сәйкес В – 7 нысанды еңбекақыны есепке алу ведомосін жүргізеді.

Өнімдер, жұмыстар мен қызметтер өндіруді жүзеге асыратын субъекті қаржы-шаруашылық операцияларын есепке алу үшін бухгалтерлік есепке алудың мынадай тіркелімдерін қолдана алады:

- 3-қосымшаға сәйкес ақша қаражатын есепке алу ведомосі - В – 1 нысаны;
- 4-қосымшаға сәйкес қорларды есепке алу ведомосі - В – 2 нысаны;
- 5-қосымшаға сәйкес қаржы инвестицияларын есепке алу ведомосі – В – 3 нысаны;
- 6-қосымшаға сәйкес есеп беретін тұлғалармен есепке алу ведомосі – В – 4 нысаны;
- 7-қосымшаға сәйкес сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысудың есебі ведомосі – В-5 нысаны;

8-қосымшаға сәйкес өнім берушілермен есеп айырысудың есебі ведомосі – В – 6 нысаны;



- 10-қосымшаға сәйкес есеп айырысуларды және өзге де операцияларды есепке алу ведомосі – В – 8 нысаны;
- 11-қосымшаға сәйкес биологиялық активтерді есепке алу ведомосі – В – 9 нысаны;
- 12-қосымшаға сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қозғалысын есепке алу ведомосі – В – 10 нысаны;
- 13-қосымшаға сәйкес негізгі құралдар, материалдық емес активтер жөніндегі амортизациялық аударымдарды есепке алу ведомосі – В – 11 нысаны;
- 14-қосымшаға сәйкес есепті кезеңнің шығындарын есепке алу ведомосі – В – 12 нысаны.

Қолданылатын ведомостердегі айналымдар жөніндегі қорытындыларды 17-қосымшаға сәйкес қорыту жиынтық ведомосте В-14 нысаны бойынша жүргізледі, оның негізінде бухгалтерлік баланс жасалады[3].

Жиынтық ведомость синтетикалық есепке алудың тіркелімі болып табылады және ағымдағы есепке алудың деректерін қорытындылауға және бухгалтерлік есепке алудың шоттары бойынша жүргізілген жазбалардың дұрыстығын өзара тексеруге арналған.

Есепті кезеңде қаржы нәтижесін анықтау үшін субъект 18-қосымшаға сәйкес қаржы нәтижесін есептеу кестесін пайдаланады, оның нәтижесінде табыс пен шығындар туралы есеп жасалады. Кітаптар мен ведомостерді толтыру 21-қосымшаға сәйкес кітаптар мен ведомостерді толтыру ережесіне сай жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген тіркелімдерден басқа, субъекті бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі уәкілетті орган бекіткен басқа да бухгалтерлік есеп тіркелімдерін қолдана алады.

Ауыл шаруашылығында өз қызметтерін жүзеге асыратын шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін заңды ұйымдардың жыл бойы алынған кірістері 1-ҚЕҰС-на сәйкес мынадай жағдайларда кіріс болып танылады:

- сатушыдан сатып алушыға елеулі тәуекелдердің және тауарларға иелік ету басымдықтарының көшуі;
- сатушы басқаруға көбірек қатыспайды және сатылған тауарды бақыламайды;
- кірістің сомасы сенімді бағалануы мүмкін;
- мәмілеге байланысты экономикалық пайда ұйымға түседі деген ықтималдылық бар;
- мәмілеге байланысты келтірілген немесе күтілетін шығындар сенімді бағалануы мүмкін.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының кірістері мынадай жолдары арқылы алынады:

- 1) тауарларды сату;
- 2) қызметтер көрсету;
- 3) қаржыландырудан алынатын кірістер;
- 4) өзге де шығыстар нәтижесінде алынған кірістер.

Кіріс субъекті ұсынатын кез келген сауда және көтерме жеңілдіктерді ескере отырып, алынған немесе алуға жататын өтеудің әділ құны бойынша өлшенеді. Операциядан туындайтын кіріс сомасы субъекті мен сатып алушы немесе активті пайдаланушы арасындағы шартпен анықталады.

Тауарларды сатудан түсетін кіріс төмендегі берліген барлық шарттар қанағаттандырылғанда танылады:



- 1) субъект сатып алушыға тауарға меншік құқығына байланысты елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды берді;
- 2) субъект әдетте меншік құқығымен үндесетін деңгейдегі басқаруда енді қатыспайды және сатылған тауарларды бақыламайды;
- 3) кіріс сомасы сенімді өлшенуі мүмкін;
- 4) операцияларға байланысты экономикалық пайдалар Субъектіге түседі деген ықтималдылық бар;
- 5) операцияға байланысты келтірілген немесе күтілетін шығындар сенімді түрде өлшенуі мүмкін.

Қызметтер көрсетуді ұйғаратын операция нәтижесін сенімді өлшеген кезде кіріс баланс күніне операцияның аяқталу сатысына көрсету жолымен танылады[4]. Операцияның нәтижесі егер мынадай шарттар орындалса, сенімді түрде есептелуі мүмкін:

- 1) кіріс сомасы сенімді түрде өлшенуі мүмкін;
- 2) операцияға байланысты экономикалық пайдалар субъектіге түседі деген ықтималдылық бар;
- 3) операцияға байланысты келтірілген немесе күтілетін шығындар сенімді түрде өлшенуі мүмкін;
- 4) операцияны жүзеге асыру үшін келтірілген шығындар және оны аяқтау үшін қажет шығындар сенімді өлшенуі мүмкін.

Қорытынды. Сонымен, қаржылық есептіліктің 1-ші Ұлттық стандарты бойынша ауыл шаруашылығында қызметтерін жүзеге асырушы шаруа қожалықтары мен фермерлер және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды ұйымдар үшін бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу мақсатында реттелмеген ережелер мен талаптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және қаржылық есептіліктің 2-ші Ұлттық стандартымен реттеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кеулімжаев К.К. Өндірістік және басқарушылық есеп. Оқу құралы: Алматы, 2011ж.-55б.
2. Алайдарқызы Қ. Ауыл шаруашылығындағы бухгалтерлік есеп. Оқу құралы: Алматы, 2016ж.-155б.
3. Назарова В.Л. Бухгалтерский учет: Учебное пособие. Изд. Алматыкітап баспасы», 2011.- 624 с.
4. Назарова В.Л. Бухгалтерский учет: от первичного документа до отчетности: учебное пособие. - Алматы: Экономика, 2016.-232с.

Paydalanylган adebietter:

1. Keulimzhaev K.K. Production and management accounting. Textbook: Almaty, 2011-55b.
2. Alaidarkyzy K. Accounting in agriculture. Textbook: Almaty, 2016-155b.
3. Nazarova V.L. Accounting accounting: a textbook. Nodded. Almatykitap publishing house", 2011. – 624 s.
4. Nazarova V.L. Accounting account: from the first document to the report: educational address. - Almaty: Ekonomika, 2016. – 232 c.



ФИНАНСОВАЯ ОТЧЕТНОСТЬ В СООТВЕТСТВИИ С НАЦИОНАЛЬНЫМ СТАНДАРТОМ

*К.Алайдаркызы*¹, А.М.Атчабарова²*

¹Алматинский гуманитарно-экономический университет, г. Алматы, Казахстан

²Казахский университет мировых отношений и мировых языков имени Абылайхана

г. Алматы, Казахстан

e-mail: Kalamkas_alaidar@mail.ru

Резюме. С момента обретения страной независимости произошли кардинальные изменения во всех отраслях экономики в целом, в том числе в системе бухгалтерского учета, были проведены всесторонние исследования, основанные на новых требованиях мирового рынка. В настоящее время Бухгалтерский учет занимает важное место в системе управления. Она наряду с такими процессами, как снабжение производства, реализация произведенной продукции, потребление, рассматривается как основа принятия управленческих решений с описанием финансового состояния крестьянских хозяйств. Но без совершенствования существующей практики системы бухгалтерского учета в соответствии с новыми требованиями сегодняшнего дня для принятия оперативных управленческих решений, полное использование возможностей учета будет осуществлено не так быстро. Бухгалтерский учет сельскохозяйственных организаций в Республике Казахстан ведется в соответствии с общими положениями, предусмотренными международным стандартом финансовой отчетности №41 «сельское хозяйство» и национальным стандартом финансовой отчетности №1.

В данной статье мы предлагаем студентам, обучающимся в специальных и высших учебных заведениях по специальностям «Учет и аудит», «Экономика» и работающим там преподавателям основные положения особенностей бухгалтерского учета и методов ведения учета в сельском хозяйстве, а также специальные налоговые режимы по Налоговому кодексу РК предусмотрены для субъектов малого бизнеса, крестьянских (фермерских) хозяйств, юридических лиц, производящих сельскохозяйственную продукцию, специальных видов предпринимательской деятельности

Ключевые слова: Бухгалтерский учет, международные стандарты финансового учета, финансовый учет, бухгалтерский баланс, бухгалтерский учет в сельском хозяйстве.

REPORTING IN ACCORDANCE WITH THE 1ST NATIONAL FINANCIAL REPORTING STANDARD

*K.Alaidarkyzy*¹, A.M.Atchabarova²*

¹Almaty University of Humanities and Economics

²Kazakh University of World Relations and World Languages named after Abylaykhan

e-mail: Kalamkas_alaidar@mail.ru

Summary. Since the country gained independence, radical changes have taken place in all sectors of the economy as a whole, including the accounting system, and comprehensive research has been conducted based on new requirements of the world market. Currently, accounting occupies an important place in the management system. It is considered the basis for making managerial decisions, describing the financial situation of peasant farms, along with



such processes as equipping production, selling manufactured products, and consuming them. But until we improve the current practice of the accounting system in accordance with modern requirements for making operational management decisions, the full use of accounting capabilities will not be realized quickly. Accounting of agricultural organizations in the Republic of Kazakhstan is carried out in accordance with the general provisions provided for in the International Financial Reporting Standard No. 41 "Agriculture" and the National Financial Reporting Standard No. 1.

"We present this article to students and teachers who are trained in special and higher educational institutions in the specialties "" accounting and audit"", ""Economics"", the main provisions of the rules of accounting in agriculture and methods of accounting, and according to the tax code of the Republic of Kazakhstan special tax regimes are provided for small businesses, peasant (farm) farms, legal entities producing agricultural products, special types of business activities."

Keywords: *Accounting, international financial accounting standards, financial accounting, balance sheet.*

МРНТИ 06.52.13

ӘОЖ 336.73

<https://doi.org/10.51579/1563-2415.2021-4.03>

БІРІҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ АКТИВТЕРІН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ БАЛАМАЛЫ НҰСҚАЛАРЫ

Жантаева А. А.

Алматы гуманитарлы – экономикалық университет, Алматы қаласы, Қазақстан
e-mail: aigul_0905@mail.ru

Түйін. *Қазіргі жағдайда зейнетақы активтерін басқару ерекшелігі, инвестициялық портфель құрылымына белгілі бір талаптар, яғни инвестициялық портфельдегі құралдардың әртүрлі категориялары бойынша жоғарғы үлесіне алдын-ала шектеулер қою болып табылады. Олар: активтер бойынша, тәуекелі бойынша, меншіктік шоғырлану бойынша, эмитенттер бойынша және бағалы қағаздар түрі бойынша. Сондықтан, активтер (акциялар) портфелін қалыптастыру барысында, волатильдігі ең төмен активтер таңдалады, яғни бастапқы мақсат болып, активтердің сақталуы, содан кейін табыстылығы болып есептеледі. Бұл тұрғыда инвестициялық портфельді басқару ұйымдары сенімді және өте қысқа мерзімде ақша қаражатына айналатын өтімді қаржы құралдарының құрылымын қалыптастырып, тәуекелі қолайлы деңгейінде тұрақты табыс алуды көздейтін, сонымен бірге бағалы қағаздарды сатып алмас бұрын, оларды баламалы қаржы құралдарымен мұқият салыстыра отырып дұрыс шешім қабылдау қажет. Мұндай стратегияларды қолданудың тиімділігі көбінесе инвестициялық қызметтің басыңқыларын (приоритетный) анықтай алуға және мақсаттар мен негізгі қағидаларды құрамдастыра білуге байланысты. Мақсат-инвестициялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.*

Түйінді сөздер: *зейнетақы активтері, инвестициялық портфель, орташа табыстылық, тәуекелді қауіп, депозитарлық қолхат, еурооблигация, акция облигация, құрылымдық ноталар, туынды қаржылық құралдар.*